

Ақтөбе университеті



1996 жылдың
12 наурызынан
бастап шығып
келеді

№4(400)
28 ақпан 2017 ж

"Ақтөбе Университеті" Газеті

АРУ им. К.Жұбанова

@argugazeti@mail.ru

БОЛГАРИЯ ҒАЛЫМЫ ОҚУ ОРДАМЫЗДА БОЛДЫ

Жақында университетімізге Болгария Республикасынан Варнен еркін университетінің профессоры, PhD доктор Николай Буюклиев академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында іс-сапармен келіп, педагогика институтының «Әлеуметтік педагогика және бастауышта оқыту» мамандығының студенттеріне дәріс оқыды. Бұл сапар университетімізбен Болгар-Қазақстандық білім беру форумы арасындағы ынтымақтастық туралы шартқа сәйкес халықаралық ынтымақтастық бөлімінің ықпалымен жүзеге асты.

Осы орайда халықаралық ынтымақтастық бөлімінің ұйымдастыруымен «Университеттің профессор-оқытушылық құрамы мен студенттердің академиялық ұтқырлығы: қаржыландыру, нәтижелерін тану және сапасын қамтамасыз ету. Болгария тәжірибесі» тақырыбында халықаралық семинар өтті. Семинарға профессор Николай Буюклиев, шетелде білім алу бойынша ақпараттандыру орталығының директоры Илья Стремоусов, ғылыми-инновациялық жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор м.а. Рахым Бекназаров, тәрбие жұмысы және әлеуметтік-экономикалық мәселелер жөніндегі проректор Мұхтар Мирон, халықаралық ынтымақтастық бөлімінің бастығы Ақторғын Агисбаева және университеттің профессор-оқытушылары мен студенттері қатысты.

Кіріспе сөз алған Рахым Ағыбайұлы қонақтарды көпшілікке таныстырып, семинарды жүргізіп отырды. Алғаш баяндамасын Варнен еркін университетінің профессоры Николай Буюклиев жасады. Ол Болгарияның керемет жерлерін слайд арқылы көрсете отырып, Варнен еркін



университетінің оқыту жүйесі, ерекшелігі жайына тоқталды. Сондай-ақ, профессор семинарға қатысушылар қойған сұрақтарға жауап беріп, көпшілікті қызықтырған Болгарияның халықаралық академиялық ұтқырлық бағдарламасының мүмкіндіктеріне, тиімді жолдарына, тіпті қаражат көлемінде салыстырмалы түрде айта кетті.

Келесі сөз кезегін алған Илья Стремоусов өзі басқаратын «АКЕАС-Aktobe Educational Advising Center» орталығының негізі қаланғаннан бастап біздің университетпен тығыз бай-

ланыста екендігіне тоқтала келе, орталық беретін мүмкіндіктерге, АҚШ-тағы шәкіртақтылық бағдарламаларға, орталықтың жұмыс бағытына тоқталып, кеңінен түсінік берді.

Семинар барысында халықаралық академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында шетелде білімін толықтырып келген студенттеріміз де сөз алды. Венгрияның астанасы Будапешт қаласындағы Яноша Кодолани атындағы қолданбалы ғылымдар университетінде оқып келген шетел тілдері факультетінің «Шет тілі: екі

шет тілі» мамандығының студенттері Ақерке Қонақбаева, Томирис Әзімхан, Әсел Құрбанбаевалар көпшілік алдында баяндамаларын жасап, «Қазақ жастарына ел керіп, білім алып, кәсіби деңгейлерін шыңдау үшін мемлекет тарапынан бар мүмкіндіктер жасалған. Ең бастысы талмай іздену қажет. Біз шетелге оқуға барғанда алдымызда нақты айқын мақсаттар тұрды. Ең алдымен білім алу, білім беру саласында тәжірибе жинақтау, Қазақстанымызды өзге елдерге таныстыру және саяхаттау. Осындай мүмкіндік үшін Елбасымызға, университетіміздің басшылығына, оқытушыларымызға, соның ішінде Ақторғын Қыдырғалиқызына айтар алғысымыз шексіз», - деген лебіздерін жеткізді. Сонымен бірге Ұлыбританияның Рексем Глиндвер университетінде оқып келген шетел тілдері факультетінің студенттері Фаля Сисен мен Карина Қанатбаеваларда алған әсерлерімен, тәжірибелерімен бөлісіп өтті.

Семинар соңында Ақторғын Қыдырғалиқызы жоғарыда аталған студенттердің шетелдік жоғары оқу орындарында ете жақсы баға көрсеткіштерін көрсеткендігін айта отырып, Болгария профессоры Николай Буюклиевке алғысын білдіріп, университеттен естелік ретінде ғұлама ғалым Құдайберген Жұбановтың суреті салынған кілемше мен «Парасат биіпнде» деп аталатын энциклопедияны тарту етті.

Жадьюа АРЕН

СТАРТОВАЛ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ КОНКУРС НИРС - 2017

Краткая справка о конкурсе отдела НИП: ежегодно МОН РК проводит среди вузов Казахстана республиканский конкурс студенческих научных проектов – научно-исследовательских работ студентов (НИРС). Период проведения конкурса январь-июнь месяцы, всего 3 этапа: 1-ый этап – внутривузовский (январь); 2-ой этап – в базовых вузах (УМС) до 1 апреля; 3-ий этап – республиканский, с апреля по июнь. В конкурсе вправе принимать участие студенты и студенческие коллективы вузов РК. Конкурс проводится с целью стимулирования научно-исследовательской и познавательной деятельности студентов, формирования интеллектуального потенциала страны.

Отдел научно-инновационных программ (Отдел НИП) АРУ им. К.Жұбанова объявил о начале внутривузовского этапа республиканского конкурса МОН РК НИРС – 2017 г. На университетский этап конкурса представлены 61 научный проект студентов очного отделения, в основном 3-4-х курсов. Конкурс проводится по 4-м научным направлениям: 1) социально-гуманитарному; 2) естественному; 3) техническому; 4) экономическому.

Авторами проектных работ выступили 91 студент, из 61 проекта 19 работ представлены студенческими кол-

лективами. Научными руководителями явились 46 преподавателей вуза, основная часть которых представлена докторами и кандидатами наук, магистрами. Наибольшую активность проявили студенты Института экономики и права – 24 проекта; с большим отрывом в количественном плане выступают филологический и технический факультеты – по 7 проектов; факультет естественных и физико-математический факультеты – по 5 проектов; исторический и факультет иностранных языков – по 4 проекта.

Для проведения университетского этапа конкурса Отделом НИП были разработаны критерии оценивания проекта – 8 критериев по 5-ти бальной шкале (в форме Листа оценивания НИРС); создана конкурсная комиссия, состоящая из компетентных экспертов в лице ученых вуза; организована экспертно-аналитическая работа специалистов отдела.

Конкурсная комиссия под председательством и.о. проректора по НИРИМС проф. Р.А.Бекназарова начала свою работу 16 февраля т.г., обсудила принципы экспертной работы и критерии оценивания. Начальник Отдела НИП А.К.Мырзашова познакомила членов комиссии с регламентирующими документами, рекомендациями МОН РК о правилах проведения вузов-



ского конкурса и дальнейших процедурах.

По итогам работы конкурсной комиссии эксперты отметили положительные, сильные и слабые стороны НИРС, вынесли свои рекомендации. Следует отметить, что в качестве замечаний часто указываются технические и орфографические ошибки, низкий уровень самостоятельного исследования и плагиат.

На сегодняшний день (20 февраля т.г.) внутривузовский этап прошли 21 проектная работа (из 61 проекта). Лидирующую позицию занимают студенты Института экономики и права (3 чел), технического (2 чел), филологического (1) и исторического (1) факультетов. Подведение итогов конкурса в вузе завершится 22 февраля т.г., далее лучшие проектные работы будут рекомендованы и направлены в базовые вузы Казахстана.

Алтын МЫРЗАШОВА,
начальник отдела научно-инновационных программ

ЖОЛДАУДЫ ТАЛДАУ

Жаратылыстану факультетінде

Ақпанның 17-сі күні Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Қазақстан халқына Жолдауын студенттерге насихаттау мақсатында университетіміздің жаратылыстану факультетінде дөңгелек үстел өтті.



Шараның басты мақсаты студенттер арасында Елбасы Жолдауын насихаттап, тереңірек тусіндіру, мемлекетімізді өркендетуде білімді ұрпақты тәрбиелеуге арналды.

Аталған шараны жаратылыстану факультетінің деканы міндетін атқарушы Әлия Базарғалиева жүргізіп отырды. Жиынға «Білім мен тәрбиенің дүниетанымдық және әлеуметтік мәселелерін зерттеу» орталығының жетекшісі, философия ғылымдарының докторы, профессор Амангелді Айталы, тәрбие жұмысы және жастар саясаты басқармасының басшысы Әлібек Қаратаев және факультеттің профессор-оқытушылар құрамы мен студенттері қатысты.

Амангелді Әбдірахманұлы «Төртінші басымдық – адами капитал сапасын жақсарту» атты баяндамасында Президент Жолдауында көрсетілген бірнеше басымдылықтың бірі – адами капитал сапасын жақсарту мәселесі екенін айта келе,

жастарға білімді болу, көп іздену керектігін тілге тиек етті. Жолдауды талқылау барысында Амангелді Айталы студенттерге ойларын ашық жеткізіп, еркін пікірталас өткізуге шақырды.

Дөңгелек үстелде студенттерде баяндама жасады. Биология мамандығының студенттері Айықхан Байтілеу «Бірінші басымдық – экономиканың жеделдетілген технологиялық жаңғыртылуы» тақырыбына тоқталса, Альбина Серікова «Қазақстанның агроөнеркәсіп кешенінің болашағы зор» атты баяндамасын көпшілік назарына ұсынды. Ақ Айбану Есболаева «Қауіпсіздік - ахуалы қуатты және әрекет ете алатын мемлекеттің өлшемі» тақырыбына кеңінен тоқталып, талқыға салды.

Жолдауды талқылау барысында жиналғандар Елбасы айқындап берген мақсат пен міндеттерді орындау барша қазақстандықтар алдында тұрған үлкен жауапкершілік екенін алға тартты.

Сандуғаш БАЙҒҰЛҚЫЗЫ

Тарих факультетінде

Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауын студенттерге насихаттау мақсатында тарих факультеті дөңгелек үстел өткізді.



Дөңгелек үстел «Атамекен» Қазақстан Республикасының ұлттық кәсіпкерлер палатасы Ақтөбе облысының Кәсіпкерлер палатасының директоры Нұрлыбек Мұқанов, тәрбие жұмысы және әлеуметтік-экономикалық мәселелер жөніндегі проректор Мұхтар Миrows, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша департаментінің сыбайлас жемқорлықтың алдын алу басқармасының бас маманы Нұртөре Қалдыбаев, факультет деканы Самат Есқалиев, факультеттің профессор-оқытушылар құрамы және студенттердің қатысуымен өтті.

Басқосуды Мұхтар Орынбасарұлы кіріспе сөзбен ашып, Жолдауды жастарға тусіндіріп, насихаттаудың маңыздылығы зор екендігін айта келіп, Президент Жолдауын еліміздің дамуына жасаған үлкен қадамы деп бағалады. Дөңгелек үстел қонақтары Нұрлыбек Мұқанов, Нұртөре Қалдыбаевтар өз кезегінде сөз алып, жастар саясатын жетілдіруде және негізгі идеялар мен тапсырмаларды жүзеге асыруда жастардың орны ерекше екенін тоқтала келіп, біздер – аға буын өкілдері сіздердің болашақтарыңыздан үлкен үміт күтеміз деп студенттерге сенім білдірді.

Нұржан БАЙГЕЛДІҰЛЫ,
тарих факультетінің СЖЖЖ маманы

Педагогика институтында

Елбасы Н.Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауын студенттерге насихаттау мақсатында педагогика институтының «Музыкалық білім» кафедрасы мен «Теориялық және қолданбалы психология» кафедрасының ұйымдастыруымен жиын өткізілді.



Аталған жиынның мақсаты – университетіміздегі студент жастар арасында Президент Жолдауын насихаттап және оны талдау.

Шараға педагогика институтының директоры мен институттың профессор-оқытушылар құрамы және студенттері қатысты. Жиында сөз алған кафедра меңгерушілері Нұржамал Мукеева мен Ақсауле Қарабалина Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы еліміздің даму кезеңдерін және қазіргі уақытта елдің алдында тұрған экономикалық мәселелерді айқындайтын құжат деп атап көрсетті.

Музыкалық білім кафедрасының оқытушысы Марат Айтимов: «Егемендік алған тәуелсіз Қазақстанның өлемдік өркениетке жетудегі бірден-бір дара жолы - білім жүйесі. Орта мектеп - білім жүйесінің ең басты буыны. Орта мектепте қаланған білім негізі оқушының болашағына жол ашады.

Қазіргі кезеңдегі басты мәселенің бірі жаңа технологиялардың дамуы кезеңінде болашақ ұрпақтың тәрбиесі мен білім алуында ұстаздардың атқаратын рөлі ерекше», - деді өз сөзінде. Теориялық және қолданбалы психология кафедрасының оқытушысы Рита Таумышева да алға қойылған мақсатқа жету үшін Елбасымыздың жолдауының маңызы зор деген пікірін жеткізді.

Сондай-ақ, жиын барысында студенттер Назерке Кенжебаева мен Айдана Елемес Жолдауға байланысты баяндамалар жасады.

Аталған шараны педагогика институты директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Рысқұл Измағамбетова қорытындылап, мұндай шараларды жиі өткізудің жастар тәрбиесіне типтер ықпалы зор екенін айтты.

Сандуғаш БАЙҒҰЛҚЫЗЫ

ҚҰРМЕТТІ ҚУАНЫШЕВ МҰРАТ ҚҰЛЫНТАЙҰЛЫ!

Сізді есте қаларлық елеулі 60 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Сіз Батыс еңбегіңізбен беделді Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінде аянбай еңбек етіп келесіз. Өнегелі еңбегіңізбен тындырымды ісіңізбен және қарағайым да, парасатты мінезіңізбен үлкен абырой-беделге ие болған ұжымымыздың тәжірибелі басшысысыз.

Әрдайым еңбегіңіз жана берсін, жаңа биік жетістік шыңдарына «көтеріле беріңіз» деп тілейміз. Осы қуанышты сәтте Сізге ұзақ өмір, зор денсаулық, баянды бақыт тілейміз. Кеңіліңіз ғұмыр бойы көтеріңкі болып, өмір айдынында қайғы-мұңды білмей, еркін жүзе беріңіз. Отбасыңыздан береке-бірлік, басыңыздан бақ-дәулет таймай, аңсаған армандарыңыздың асуына жете беруіңізге тілектеспіз!

Құрметпен,
автокөлік және жол қозғалысын
ұйымдастыру кафедрасының ұжымы



БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ КУРСЫ ӨТТІ

Университетімізде 2017 жылдың 30 қаңтары мен 11 ақпан аралығында педагогика институты жанындағы «Университет-мектеп» ғылыми-педагогикалық зерттеу және «Platon» халықаралық білім дамыту орталығының ұйымдастыруымен «Жаңартылған білім беру мазмұны-білім сапасын арттырудың кепілі» тақырыбы бойынша курс өткізілді.

Біліктілікті көтеру курсы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің (28 қаңтар, 2016 жылғы №95 бұйрығы) және Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті мен «Platon» халықаралық білім дамыту орталығының ынтымақтастығы туралы келісім-шартының 3-бабы негізінде ұйымдастырылды.

Курсқа қаламыздың бастауыш сынып мұғалімдері және университетіміздің «Бастауыш сынып педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 4 курс студенттері мен орталық қызметкерлері, тәрбиешілер қатысты.

Лекторлар құрамында біліктілігі жоғары деңгейдегі Новий орта мектебінің жоғары санатты бастауыш класс мұғалімі, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы әзірлеген Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту аясында қазақ тілінде оқытатын мектептердің бастауыш сынып мұғалімдерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы бойынша курсын аяқтаған, экспериментатор мұғалім Д.М.Қыстаубаева, дәл осы біліктілікті арттыру курсынан өткен үштілде оқытатын №21 мектеп-гимназиясының



жоғары санатты бастауыш сынып мұғалімі Ж.М.Жарылғасова, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы Кембридж университетінің Білім беру факультетімен бірлесіп әзірлеген Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламасы негізінде дайындалған педагог кадрларды даярлайтын жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылар құрамы қатарынан тренерлерді оқыту бағдарламасынан өткен, аға оқытушы, магистр Ж.Оразова, педагогика ғылымының кандидаты, доцент А.Кенжеғұлова, аға оқытушы Н.Кенжебековалар бар.

Күнделікті оқу үдерісі интерактивті лекциялар мен практикалық сабақтардың жиынтығын құрайтын алты сабақтан тұрды. Курс нәтижесінде тыңдаушыларға сертификат берілді.

Ақмарал ДҮЙСЕҒАЛИЕВА,
«Университет-мектеп» ФПЗО
ғылыми қызметкері

ГУМАНИТАРЛЫҚ ЗЕРТТЕУ НЕГІЗДЕРІН ҮЙРЕНДІ



Қ. Жұбанов атындағы АӨМУ-ң «шетел филологиясы» мамандығының 3 курс студенттері білім ордамыздың жанындағы гуманитарлық зерттеулер институтында (ФЗИ) қонақта болды. Ғылыми институттың директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор Алпысбай Мұсаұлы Мұсаев оларға шолу дәрісін жүргізіп, ғылым ошағының 10 жылдан астам бай тарихымен қысқаша таныстырып өтті.

Сондай-ақ, институттың нәзік зерттеу бағыттарын атап көрсетіп, Ақтебе облысының аудандарына жасалған ғылыми-этнографиялық экспедициялар,

қол жеткен жетістіктер мен жарияланған еңбектер жайынан хабардар етті. Мұның барлығы да көрнекті сатиратанушы ғалымның тарапынан әзіл-қалжыңмен

ерілген әрі енеге толы әңгімелермен, сонымен қатар слайд-презентациямен сүйемелденіп отырды. Екі сағатқа созылған кездесуде ағылшын тілінің қыр-сырын үйреніп жүрген студент жастар профессордың Еуропа елдеріне жасаған сапарына қанық болып қана қоймай, жалпы ғылыми-зерттеу жұмыстары туралы да біршама тағылымды ой түйді. Екі топтық студенттер делегациясын бастап келген шетел филологиясы кафедрасының аға оқытушысы Екатерина Абдуллина шара соңында сөз тізгінін алып, бұл басқосудың студенттер көңілінен шыққанын тілге тиек етті. Бакалавриатты бітірген соң, кеп студенттің қайда, қалай жұмыс атқару керектігін білмей дал болатынын, ал осындай шаралар сол сынды түйткілдердің алдын алуға мұрындық болатынын ол қуана жеткізді. Ғылыми институттар мен факультеттердің қоян-қолтық жұмыс жасау қажеттігін түйсініп тарқаспас бұрын қос тарап өкілдері естелік суретке түсті.

Аталмыш іс-шара студенттердің оқу практикасы аясында жүзеге асырылды.

Мерей ЕРСАЙЫНҰЛЫ,
ФЗИ ғылыми қызметкері

ДІН ЖӘНЕ ЖАСТАР

Дін мәселесі – ете езекті тақырып. Әсіресе, оңи мен солын әлі жете танып-білмеген өрімдей жастардың діни көзқарасын қалыптастыру, оларға саликалы әрі салмақты түсінік беру тек сала мамандарының ғана қолынан көгері сөзсіз. Өйткені, үстіртін немесе теріс мәлімет алған жастардың жат ағымның жетегіне өріп кете беруі ғажап емес. Осы орайда, Қ.Жұбанов атындағы Ақтебе өңірлік мемлекеттік университетінің филология факультетінде профессорлық-оқытушылық құрам мен студенттердің қатысуымен діни экстремизм мен терроризмге қарсы «Дін және жастар» атты арнайы мамандармен кездесу өтті. Кездесуге жалпы саны екі жүзге жуық студент қатысты.

іс-шараға облыстық дін істері басқармасының бас маманы Ольга Воронович, облыстық жастар ресурсы орталығының бас маманы Айгүл Есетова, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Ақтебе облысындағы өкіл имамы, облыстық «Нұр Ғасыр» мешітінің бас имамы Тегеби Оспан, «Аңсар» ақпараттық талдау орталығының басшысы Жандәулет Сұллейменов, Зауыт полиция бөлімінің жастар

бойларын аулақ ұстағандары абзал екендігін баса айтты.

Облыстық дін істері басқармасының бас маманы Ольга Воронович облыс орталығындағы діни ахуалға тереңірек тоқталып, дәстүрлі емес діни ағымдардан алданған жастардың өмірлерінен нақты мысалдар келтірді және осындай олқылықтардың алдын алу мақсатында жасалып жатқан іс-шаралар жөнінде кеңінен мағлұмат берді.

Облыстық жастар ресурсы орталығының бас маманы Айгүл Есетова жастарды өз мамандықтарын терең игеруге, бос уақытында спорт үйірмелері мен түрлі қоғамдық ұйым жұмыстарына қатысуға шақырды.

Зауыт полиция бөлімінің жастар ісі жөніндегі инспекторы Нұржан Мукумов теріс діни уағыздарды тыңдап, оны ғаламтор арқылы және басқа да жолдармен көпшілікке таратушылардың қылмыстық жауапкершілікке тартылатындығын, кейін өкінудің еш пайдасы жоқ екендігін және заңды білмеу жауапкершіліктен құтқармайтындығын жастарға жете түсіндірді.



ісі жөніндегі инспекторы, полиция капитаны Нұржан Мукумов сынды мамандар арнайы шақыртылды.

Аталмыш іс-шараның мақсаты – жастарды түрлі теріс ағымдардан сақтандыра отырып, отансүйгіштікке, имандылыққа, мәдениеттілікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеу, исламның шынайы игілікті рухани байлықтарын насихаттау болды. Облыстық орталық «Нұр Ғасыр» мешітінің бас имамы Тегеби Оспан студент жастарға дәстүрлі ислам дінінің басты құндылықтары жайлы сөз етті.

«Аңсар» ақпараттық талдау орталығының басшысы Жандәулет Сұллейменов студент жастарға ең алдымен діни сауатты мешіттен, соның ішінде есік тозуылдаған ұстазсымақтардан емес, имам-молдалардан үйрену керектігін, көшеде көз-көлген кісіге кітапша мен журнал ұсынып жүргендердің дәстүрлі дінімізге еш қатысы жоқ екендігін қатаң ескертті. Сонымен қатар, сектанттар өздерінің жымсықы әрекетін ғаламтор арқылы жүргізетінін, жастар олардан мейлінше тартынып,

Кездесу соңында «Аңсар» ақпараттық талдау орталығының басшысы Жандәулет Сұллейменов студенттерге теріс ағымдардың арбауына түспеу үшін арнайы ақпараттық парақшалар таратты.

Студенттер өздерін толғандырып жүрген сауалдарға нақты жауап алды. Кездесу соңында факультет деканы Сабыржан Мұхтаров факультеттегі студент жастардың діни сауатын арттыру мақсатында осыған дейінгі атқарылған іс-шараларға тоқтала келе, ынтымақтастыққа мүдделілік танытқаны үшін дін өкілдері мен арнайы келген сала мамандарына ризашылығын білдірді.

Женібек БЕЙБІТОВ,
филология факультетінің
СЖЖЖ бөлімінің маманы

ҚОҢЫР ДАУЫС

17 ақпан күні жалпы педагогика және психология кафедрасының ұйымдастыруымен «Қоңыр дауыс» атты әдеби-композициялық іс-шара өтті.

Шараны ұйымдастырудың басты мақсаты – болашақ мұғалімдердің сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға, олардың коммуникативтік құзыреттілігін дамытуға арналды.

Сөйлеу құдіретіне ие болу – адамзат баласының ұлы қабілеттерінің бірі. Сөз – адамдар арасындағы қарым-қатынас құралы, ақпарат алмасу, өзге адамның санасына және әрбір қадамына, әрекетіне әсер ету тәсілі.

Шараға бейнелеу өнері және сызу мамандығының 2 курс студенті Шыңғыс Атапкелов, биология мамандығының 2 курс студенттері Перизат Жәли, Айымғұл Қабизатова, филология мамандығының 2 курс студенттері Гүлфира Қожаң Балауса Жеңісова, Шынар Қаражандар белсене қатысты.

«Ізденіс» үйірмесінің дәстүрі бойынша шараға қаладағы мектеп оқушылары да қатысты. Олар: №51 мектептен Алтынғұл Ахмет, Назерке Баубекқызы, №49 мектептен Аялым Тынышқали. Алтынғұлдың «Мейірім» атты монологы тыңдаушыларды бейжай қалдырмаса, Назерке мен Аялымның поэзияға деген сүйіспеншілігі көпшілік көңілінен шықты.

Шараның тартымды өтуіне кафедра оқытушылары да атсалысты. Кафедра меңгерушісі, п.ғ.к., доцент Жанна Жусупова мұғалімнің сөйлеу мәдениеті, аға оқытушы Асия Наренова «Сөз құдіреті» туралы шебер баяндап шықса, аға оқытушы, п.ғ.к. Светлана Тенеряднова «Кімнің сөз қуаты күшті» атты тренинг еткізіп, сөйлеудің мықтылығы дауыстың қаттылығында емес, қайта орынды, дұрыс қолданылуында деген ойын білдірді.

«Мұғалім халық ауыз әдебиетінің ұлпаларын меңгеруі керек», - деген Мұхтар Әуезов ойын ескере отырып, викториналық сұрақтар шешілді. Студенттермен белсенді жұмыс жүргізген кафедра оқытушылары Ұлбосын Тұяқова, Гүлнар Баймаханова, Ботакөз Мұхамеджановамен Бақтығұл Ертлеуоваларға айтар алғысымыз шексіз.

Гүлім ЕЛЕУСИНОВА,
«Ізденіс» үйірмесінің жетекшісі

БІЛІМДІ ҰШТАСТЫРҒАН ТӘЖІРИБЕ

Мамандық таңдау – бұл болашақ өмірге қадам басу. Мен үшін мамандық деген – өзіңнің жан дүниені қалайтын іспен шұғылданду. Өз мамандығымды мектеп қабырғасында оқып жүргенде армандағанмын. Қазіргі таңда «Дефектология» мамандығының екінші курсына оқимын.

Дефектология – педагогиканың керу, есту, сөйлеу мүшелерінде, ақыл-ойының дамуында табиғи кемістігі бар балаларды оқыту мен тәрбиелеу мәселелерін зерттейтін арнаулы саласы. Бұл мамандық – ете қызықты және жауапкершілігі зор. Менің таңдау жасауыма себепкер болған бір кішкентай мүмкіндігі шектеулі бала. Ол айналасындағы адамдармен қарым-қатынасқа түсуге, құбылыстарды айтуға, ауызекі сөйлеуде қиналатын еді. Мен ол баламен сөйлеспесем де, іс-әрекетін түсініп бірге ойнайтынмын. Мені кішкентай баланың өмірі қатты ойландырды. Сол бала сөйлемді қаншама жас жеткіншек қоғамда ете кеп, оларға өзімнің мүмкіндігіме көмек қолын созып келеді.

Мамандығымды жақсы керуге ықпалын тигізіп, қызығушылығымды арттырған тағы бір жан бар, ол – кураторым Жанна Орынбасарқызы. Алғаш бірінші курста ол кісі өз кеңесін ақылын айтып қызықтырды. Жанна Орынбасарқызын жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, ешнәрсені ұмытпайтын алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі дер едім. Сол жанның арқасында жақсы маман иесі болуға талпынып келемін... Ел сеніміне кіретін құрметті мамандық иесі болу үшін білім алуға барлық күш – жігерімді жұмсаймын.

Тәжірибе жұмсау барысында, мамандығымның қыр-сырын ұғып, дефектология саласының нағыз жауапты екенін сезіндім. Есту қабілеті бұзылған балаларға арналған мектеп – интернат – колледжіне барған уақытыма ондағы балалармен таныстым. Ол балаларды көрген кезде жанарынан өмірге деген құлшыныстарын байқаған болатынмын. Осыны көре тұрып, оқытудың жаңа әдіс тәсілдерін оқыту технологияларын үйреніп, іс-тәжірибемде қолданамын. Нәтижесінде балалардың оқу үлгерімі сәл де болса жоғарылады. Біздің теориялық біліміміз тәжірибемен ұштасып нақты нәтиже берді.

Райхан ЕРМЕКБАЕВА,
студент

СЕМИНАР О ПУБЛИКАЦИЯХ В ИНДЕКСИРУЕМЫХ ЖУРНАЛАХ



9 февраля для профессорско-преподавательского состава АРГУ им. К.Жубанова Отделом НИП был проведен обучающий научно-методический семинар «Публикации в журналах с импакт-фактором ППС вуза». Цель семинара: Знакомство ППС вуза с процедурами и этапами научной публикации в индексируемых зарубежных изданиях; информирование

о ситуации с научными публикациями ученых Казахстана в индексируемых журналах. Руководители семинара – А.К.Мырзашова, начальник Отдела НИП, к.филолн., PhD, профессор и зав. кафедрой казахской литературы, кандидат филологических наук М.Р.Балтымова.

Программа семинара содержала материал о научных публикациях ка-

захстанских авторов: реалии, проблемы и рекомендации; краткий обзор научных публикаций ППС АРГУ им. К.Жубанова: статистика, рейтинг и достижения; рекомендации о публикации статьи в журнале с импакт-фактором – пошаговая методика.

Для слушателей был подготовлен электронный портфель с информационно-презентационными материалами: руководство по работе с международными базами Web of Knowledge (WoK) и Web of Science (WoS); список недобросовестных издателей и журналов; публикации компетентных специалистов о ситуации с публикациями в журналах с импакт-фактором, дости-

жениях казахстанской науки в системе мировой науки. Пошаговая методика подготовки статьи, представления её к публикации, работы с издательством, корреспонденции с издателями, получение подтверждающей справки НЦНТИ и др. детали публикационной деятельности автора были изложены в презентации одного из авторов АРГУ им. К.Жубанова, к.филолн. М.Р.Балтымовой.

В ходе семинара авторам были даны конкретные рекомендации по выбору и подборке добросовестных издателей и научных журналов, разъяснены понятия квартиль, хищные журналы, база цитирования, методика присвоения импакт-фактора и т.д.

Слушатели имели возможность познакомиться с достиже-

ниями коллег в плане публикаций в зарубежных индексируемых журналах; с рейтингом факультетов и институтов, научных подразделений АРГУ им. К.Жубанова; с Топ-10 авторов АРГУ им. К.Жубанова; со статистикой публикаций по Казахстану за 2011-2016 гг.

В работе семинара приняла участие 48 человек, среди них доктора и кандидаты наук, ведущие кафедр и деканы факультетов, молодые исследователи. Работа семинара проходила в интерактивном режиме, завершилась диалогом слушателей и руководителей семинара, вручением сертификатов.

Алтын МЫРЗАШОВА,
начальник отдела научно-инновационных программ

ПРАКТИКА

ФОРМИРОВАНИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ БУДУЩЕГО УЧИТЕЛЯ ИНОСТРАННЫХ ЯЗЫКОВ



На страницах этой небольшой статьи мне хотелось бы поделиться с Вами о своих впечатлениях, высказать свое мнение о роли педагогической практики в профессиональном становлении будущих педагогов.

С высоты своего... нет, не возраста, а педагогического профессионального опыта (37 лет в школе, из них 11 лет в качестве директора школы, более 15 лет руковожу методическим объединением учителей английского языка средней школы-лицея № 27), могу утверждать, что в системе профессиональной подготовки будущего учителя педагогическая практика является связывающим звеном между теоретическим обучением в ВУЗе и самостоятельной работой в школе и крайне важна для студента.

Основная цель педагогической практики – закрепление и углубление знаний, полученных студентами в процессе обучения, приобретение необходимых умений и навыков практической работы по изучаемой специальности.

По-разному приходят в школу учителя. По-разному складываются их судьбы. Наша профессия настолько «живая», деятельная, что это не позволяет нам стоять на месте, а требует нам постоянно быть в курсе всех событий, начиная от глобальных мировых и заканчивая изменениями в молодежном сленге, моде, музыке и т.д. Да, учитель должен идти в ногу со временем: использовать в своей работе инновации, должен в совершенстве владеть преподаваемым материалом. Но, прежде всего, он должен быть Человеком, главное любить детей, свою работу.

В этом плане у студента – практиканта есть очень хороший задел: знание теоретических основ предмета, владение английским языком, молодость, желание самореализоваться. И вот они – твои первые шаги в профессию. Дерзай, твори, спрашивай, изучай, твори!...

В течение многих лет являюсь куратором педагогической практи-

ки студентов факультета иностранных языков АРГУ им. К.Жубанова. И когда впервые встречаю студентов-практикантов, не просто знакомлю их со школой, классами, учителями, а обращаю особое внимание на понимание учителями кафедры школы своей огромной роли и ответственности в проведении предстоящей практики студентов и четкой ее организации.

Мне нравится выражение «хорошие учителя создают хороших учеников», считаю его своим кредо А потому, и учителям, и студентам-практикантам желаю быть всегда готовыми ко всему новому, стремиться за период практики адаптироваться к школьной жизни, к новой для студента – роли учителя и воспитателя. Ведь педагогическая практика в школе создает для студента наиболее благоприятные условия. Возможности для



развития педагогических умений и способностей студента, для формирования его профессиональных навыков.

Для успешного проведения всех видов практики студентов в школе созданы все необходимые условия: творчески работающие учителя английского языка, хорошо оформленные и оснащенные кабинеты, соответствующее методическое обеспечение, интернет-ресурсы.

Студенты-практиканты посещают уроки учителей иностранного языка, детально знакомятся с системой работы учителя в конкретных классах, ведут подробные записи – фотографии уроков.

Эти конспекты помогают им не только при анализе уроков, но и учат выделять главное при составлении своих поурочных планов.

При подготовке и проведении уроков студенты имеют воз-

можность в любое время консультироваться с учителем – куратором, ибо организация языкового материала должна быть комплексной, ведь основной целью урока является не сообщение знаний, а формирование речевых навыков и умений учащихся с учетом и предвидением всех возможных трудностей на уроке.

Хотелось бы, в связи с этим, подчеркнуть, что все студенты ответственно подходят к прохождению практики, вопросу подготовки и проведению уроков во вверенных им учебных группах.

Оснащение урока иностранного языка на современном этапе – одна из самых важных методических проблем. В настоящее время стали интенсивно внедряться в учебный процесс новые информационные технологии, такие как интернет – ресурсы, компьютерные программы, интерактивная доска, что значительно повышает интен-

сивность учебного процесса, создает благоприятные условия для самостоятельной проектной деятельности учащихся; возможность для контроля качества знаний учащихся.

Студенты не только имели возможность увидеть, узнать, но и самим применять на уроках интерактивную доску; проводить уроки по защите творческих проектов учащихся; использовать мультимедийные технологии на различных этапах урока.

Конечно, практика пробных и самостоятельных уроков является основой профессиональной подготовки будущего специалиста. Студенты учатся творческому применению на практике полученных знаний за все годы обучения. Хотелось бы поэтому рекомендовать студентам обратить особое внимание на темп речи, дикцию, образность, грамотность, ведь многое на уроке зависит и от того, как учитель говорит.

Важным звеном в подготовке будущих учителей является практика и по воспитательной и внеклассной работе.

В период прохождения практики студенты выступают в роли по-

мощника классного руководителя, а также проводят внеклассные мероприятия по своей специальности.

Внеурочно – воспитательная работа включает в себя овладение методикой воспитательной работы во всем ее многообразии и сложности, обучение студентов психолого-педагогическому наблюдению, анализу. Основной же задачей внеклассной работы является формирование практических умений проведения внеурочной деятельности по предмету. За период прохождения практики были на высоком уровне, проведены внеклассные мероприятия по предмету: Брейн-ринг, КВН между классами «English Around Us», «Polyglot Contest», «English Song Contest» и др.

В процессе практики углубляются, расширяются и укрепляются теоретические знания студентов, формируются их педагогические навыки и умения, развиваются педагогическое мышление, творческая активность и самостоятельность. В ходе практики студенты накопили, пусть и небольшую свою методическую копилку: разработки поурочных планов, дидактический материал видео, фото материалы, схемы анализа уроков, наглядное пособие.

Хотелось бы, чтобы работы в школе, воспитание детей стало их призванием.

На сегодняшний день более 15 моих выпускников связали свою жизнь с английским языком. Многие работают в школах города и области.

Совсем недавно проходили у меня практику В.В.Короткова, И.У.Кушкенова, а ныне они полноправные члены нашего дружного творческого коллектива, мои коллеги, как их наставник горжусь тем, что эти молодые педагоги состоялись как Учителя.

Я хочу пожелать всем вам: Пусть каждый, прожив со всеми вместе в коллективе, чувствует себя человеком, без которого чего – то в школе не получилось бы.

Кенже НАЗАРОВА,
руководитель М.О.
учителей иностранного языка
сшл №27, отличник
Образования РК



О ПОДГОТОВКЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ КАДРОВ

В Послании народу Казахстана Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева говорится о том, что необходимо нацелить учебные программы «на развитие способностей критического мышления и навыков самостоятельного поиска информации».

Наше государство уделяет особое внимание подготовке будущих учителей. В этой связи хотелось бы подчеркнуть Центр педагогического мастерства АОО «Назарбаев интеллектуальные школы», который проводит обучение преподавателей в контексте семи модулей. В Центре педагогического мастерства преподаватели изучают новые подходы в преподавании, обучение критическому мышлению, оценивание. Преподаватели, принявшие участие на курсах повышения квалификации должны внедрять новейшие методы обучения на занятиях с целью обучения студентов – будущих педагогов. Студенты, обучившиеся новым методикам преподавания должны применять свои знания на практике и в дальнейшей профессиональной деятельности.

Во время прохождения курсов в столице мы получили огромный заряд энергии, вдохновивший нас на поиски новых методов в обучении студентов. Тренер нашей группы Егизбаев Аят Жаксыбекович щедро делился педагогическим опытом и мастерством. Преподаватели разных вузов обменивались идеями, перенимая друг у друга методы и приемы работы на занятиях, активно участвуя в дискуссиях о новых подходах, предполагающих предоставление возможности обучающимся продемонстрировать свои знания по изучаемой теме; подвергать сомнению отдельные положения; формировать новое понимание.

Замзагуль СУЛЕЙМЕНОВА,
кандидат филологических наук,
доцент кафедры английского языка
и немецкого языков

АБАЙ ЖҮРГЕН ІЗБЕНЕН....

Қ.Жұбанов атындағы Ақтебе өңірлік мемлекеттік университетінің филология факультетінде «Абайтану» кабинетінің ұйымдастыруымен «Ырғыздан – Ырғызбай жеріне, Ақтебеден – Абай еліне» атты тарихи-әдеби экспедицияға байланысты «Абай жүрген ізбенен...» атты дөңгелек үстел өтті. Шараға Ақтебе қазақ-түрік лицейі директорының орынбасары Б.Базарғалиева, қаламыздың кәсіпкері Ж.Өзбекбаева, «Мега-Ақтебе» ойын-сауық орталығының әкімшісі Ш.Құлжанова және «Жұбановтану» ғылыми-зертханасының меңгерушісі мен қызметкерлері, факультеттің профессор-оқытушылар құрамы мен студенттері қатысты.



Аталмыш шараның мақсаты - Абайдың шығармашылығын насихаттау арқылы қазақ мәдениетіне, тілі мен әдебиетіне деген жастардың ынта-ықыласын арттыру, қазіргі заманғы қазақстандық қоғам үшін ой-шыл ақынның рухани мұрасының құндылығын айқындау, ақын шығармашылығы арқылы жастарды рухани-адамгершілікке, имандылыққа, отансүйіпшілікке тәрбиелеу.

Аталған жиынды «Абайтану» кабинетінің меңгерушісі Басқар Әлиев жүргізіп отырды. «Абайды зерттеу мақсатында арнайы комиссия құрылып, 1993 жылдары 25 шақты адамнан құралған Ақтебенің жоғарғы оқу орындарының оқытушылары, мектеп мұғалімдері және мектеп оқушылары «Ырғыздан – Ырғызбай жеріне, Ақтебеден – Абай еліне» деп аталатын тарихи-әдеби экспедиция негізінде біраз дүниелер жинақтап қайтқан болатын. Сол уақыттарда ректор Мұхтар Ғалиұлының қолдауымен профессор Баян Бораш университетімізде «Абайтану» мұражайын құруға үлесін қосып, Семейге арнайы барып, көптеген құнды мәліметтер мен материалдар жинақтап келді. Қазіргі уақытта университетімізде «Абайтану» кабинеті жұмыс жасап, ғұлама ақынның өміріне, шығармашылығына қатысты біраз шаралар еткізіліп келеді», - деді Б.Әлиев.

Сол кездері экспедицияға жетекшілік еткен филология ғылымдарының кандидаты, доцент Болат Баймұханов ақынның кіндік қаны тамған топырағына аяқ басып, ғылыми зерттеу саяхатын жүргізу кептеген ақпарат алуға нәзік болғанын тілге тиек етті. Дөңгелек үстелге қонақ ретінде экспедицияға қатысқан Баян Базарғалиева, Жанат Өзбекбаева, Шаттық Құлжановалар келген болатын. Олар жетекшілері Болат Шағырбайұлымен бірге Абай елі туралы слайдты пайдалана отырып, сапарлары туралы сөз қозғады. Шара барысында факультеттің профессор-оқытушылары мен студенттері тарапынан келген қонақтарға сұрақтар қойып, толыққанды жауап алды.

Сандұғаш БАЙҒҰЛЫҚЫЗЫ

ПОЭЗИЯ, МЕНІМЕН ЕГІЗ БЕ ЕДІҢ?!

Ақпан айының 14-і күні Жастар сарайында филология факультетінің студенттік өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен ақын, аудармашы, драматург, Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Ғасыр ақыны» атағының иегері Мұқағали Мақатаевты еске алуға арналған «Поэзия, менімен егіз бе едің?!» атты әдеби-сазды кеш өтті.

Аталмыш шара филология факультетінің студенттік өзін-өзі басқару екі апталығының аясында жоспарға енгізіліп, ұйымдастырылды.

Шараның мақсаты - ақынның ақын артына ешпейтін із қалдырған Мұқағали Мақатаевтың өмірі мен шығармашылығына шолу жасау, ақынның елеңдері мен әндері арқылы жастарды есемдікке, елжандылыққа тәрбиелей отырып, поэзия әлемінің сырын ашу, ақын туындыларын ескелең ұрпаққа насихаттау, елең құдіреті арқылы мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру.

Қазақ поэзиясының марқасқасы, өмірі елең, елеңі өмірге айналған Мұқағали Мақатаевқа арналған кеш ерекше сезім мен сырға толы болды. Факультеттің шығармашыл жастар қауымы Мұқағали Мақатаевтың сарқылмайтын шабыт пен сағынышқа толы жырларын тебірене оқып, ақын сезіне жазылған «Мен деп ойла», «Есіңе мені алғайсың», «Туған елке», «Жапырақ жүрек жас қайың» әндерін шарықтата шырқады. Сонымен қатар, ұлы ақынның елеңге сыйғыза алмай күнделік бетіне түсірген сезім сырлары мен терең толғаныстарын факультет студенттері сахнада жатқа оқып, кепшіліктің жүрегі тебіренді. Ақын шығармашылығына деген махаббаттарын осылайша көрсеткен



ақынжанды жастар, сонымен бірге, өз жүректерінен шығарған арнау елеңдерін оқып, «Шаң басқан архивтерден табылармыз» деген Мұқағали елеңдерінің ұмытылуына жол бермейміз десті. Әдеби кеште ақынның өз даусымен оқылған елеңдері тыңдалып, суреттері экран арқылы кепшілікке көрсетілді.

Ұлы ақынның шығармалары арқылы болашақ ұрпақтың бойына патриоттық тәрбиені, ұлттық болмысты

қалыптастыруға беріміз міндеттіміз. Мұқағали Мақатаев елеңдерінен ірі ақындық қуат пен азаматтық ар-намыстың, биік рухтың жемісі көрініс тауып отырады. Сондықтан, ұрпақ бойына ұлттық рухты сіңіру үшін ұлы тұлғаның еңбектерін жастарға дәріптеуді үзбей жалғастыра беруге тиіспіз.

Жәнібек БЕЙБІТОВ,
филология факультетінің студенттермен және жастар ұйымдарымен жұмыс бөлімінің маманы

Президент Н.Ә.Назарбаев бастама жасаған «Қазақстан – 2050» стратегиясының түйінді мақсаттарының бірі - жастар саясаты. Бүгінде еліміз өзінің алдына әлеуметтік жаңғыру, үдемелі инновациялық индустрияландыру және экономикалық ықпалдасу бойынша жаңа ауқымды міндеттер қойды. Әлемнің дамыған 30 мемлекетінің қатарына енуге ниетті. Кез-келген ел келешегін ескелең ұрпағымен байланыстырады. Мемлекеттің міндеті жастар саясатын уақыт талаптарына сай бейімдеп, жастарды Қазақстанның бәсекеге қабілетті ел болуына үлес қосатын маңызды факторға айналдыру болып отыр. Осы мақсатта, Ақтебе облысында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Ақтебе облысы бойынша департаментімен дарынды жастарды мемлекеттік қызметке тарту мақсатында «МАНСАП» Ақтебе студенттік мемлекеттік қызмет мектебінің жобасы жүзеге асырылуда.

«МАНСАП» мектебінің мамандары студенттермен кездесті



«МАНСАП» мемлекеттік қызмет мектебі жас кешбасшыларға мемлекеттік органдармен тәжірибеден ету арқылы мемлекеттік қызметке тәжірибелік дағдылануға мүмкіндік беретін оқу орны болып табылады. 2016 жылы аталған мектеп Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ-де алғашқы қатысушыларын қабылдап, 23 маусымында оқу ордамыздың 19 студенті сертификат алған болатын



Ақпан айының 15-і күні Қ.Жұбанов атындағы Ақтебе өңірлік мемлекеттік университетінің экономика және құқық институтында «МАНСАП» Ақтебе студенттік мемлекеттік қызмет мектебінің өкілдері мен университетіміздің 4 курс студенттері арасында кездесу өтті. Шараға жоба үйлестірушісі, ҚР Мемлекеттік қызмет ісгері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Ақтебе облысы бойынша департаментінің бас маманы Елеусіз Нұрғалиев және аталмыш мектептің алғашқы түлектерінің бірі Жұлдыз Бекетова мен осы жобаға қатысушы, университетіміздің экономика және құқық институтының 4 курс студенті Мақсат Әбенов қатысты.

Жиынды университетіміздің оқу процесін ұйымдастыру басқармасының бастығы Абзал Мұхтаров жүргізіп отырды. Бірінші сөз кезеп Елеусіз Оңдабергенұлына берілді. Аталмыш оқу орны туралы жалпы мағлұмат берген жоба үйлестірушісі «МАНСАП» мектебін ашудағы мақсат – жастар арасында мемлекеттік қызметтің беделін арттыру, мемлекеттік қызмет кадр қорын сауатты, дарынды, белсенді жастармен, болашаққа ұмтылған жас ұрпақпен толықтыру екендігін баса айтып өтті.

Университетіміздің және «МАНСАП» мектебінің түлеп, бүгінде Ақтебе облысының статистика департаментінің жетекшісі маманы Жұлдыз Бекетова жобадан алған есерімен тәжірибесімен бөлісті. Оның айтуынша «Мансап» мектебі мемлекеттік қызметкер боламын деген ер бітпеші курс студенттеріне берілген тамаша мүмкіндік. «Оқу орталығында теориялық және практикалық тұрғыда оқыту негізделген. Мемлекеттік басқармалардың жетекшілері мен мамандарының қызықты дерістерін тыңдап, тағылымдамадан ету барысында мемлекеттік органдардың жұмыс жасау жүйесімен танысып, мол тәжірибе алуға болады» - деді ол өз сөзінде.

Кездесуге жалпы 200-ге жуық студент қатысты. Олар аталған оқу орны мен мемлекеттік қызметтерге қатысты туындаған сұрақтарын қойып, мамандардан нақты жауап алды.

Қалдыгүл ШАЙМЕРДЕНОВА,
қосаммен байланыс бөлімінің маманы

ОҚУШЫЛАРҒА КӘСІБИ БАҒДАР БЕРДІ

2016-2017 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ АЯҚТАЛУЫНА БІРНЕШЕ АЙ ҒАНА УАҚЫТ ҚАЛДЫ. ОЛАЙ БОЛСА, МЕКТЕП БІТІРУШІ 11 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫ ҮШІН ДЕ ТАҢДАУ ЖАСАЙТЫН КЕЗ ЖАҚЫН.



Мамандық таңдау оңай емес. Әр түлектің алдында асқақ армандармен қатар, болашаққа дұрыс қадам жасай білу сынағы да қатар тұр. Университетіміздің жаратылыстану факультетінің ұйымдастыруымен биология кафедрасының меңгерушісі Ержан Казкеев, биология кафедрасының аға оқытушысы Серім Тыныштықбайұлы және факультеттің магистранттары мен белсенді студенттері бітіруші түлектерге мамандық таңдауда қателеспелері үшін дұрыс бағыт беру мақсатында қаламыздағы №27 орта мектеп лицейінде кәсіби бағдар беру шарасын өткізді.

таңдау деп есептеймін. Бұл менің әкелік ақылым. Ал таңдау ең қолдарыңызда», - деді ол ең сөзінде.

Шараны жүргізген жаратылыстану факультетінің белсенді студенті Динара Урынбасарова университетіміз, езі таңдаған мамандығының қырсыры жайлы қызықты етіп баяндап берді.

Оқушыларға университетіміздің факультеттері, мамандықтары жайлы толық ақпарат жазылған парақшалар таратылды. Шара барысында оқушылар университетіміз, өздері таңдағысы келетін мамандықтар жайлы қызығушылық танытып, сұрақтар



Шараға 11 сынып оқушылары түгелдей қатысты. Кіріспе сөзді биология ғылымдарының кандидаты Ержан Тажибайұлы алды. «Қ.Жұбанов атындағы Ақтебе өңірлік мемлекеттік университетін сіздерге жариялап жатудың езі артық деп ойлаймын. Жарты ғасырлық тарихы бар біздің университеттің батыс өңірінде белді оқу орны екендігі баршамызға мәлім. Біздің университеттің материалдық-техникалық базасы жоғары деңгейде жабдықталған. Оқу ордамызда студенттерге барлық жағдай жасалған. Оқумен қатар ғылыммен айналысуға, қоғамдық шараларға атсалысуға, шетелдік жоғары оқу орындарында түрлі бағдарламалар негізінде білімдерінді толықтыруға мүмкіндіктер көп. Сіздердей ұл-қыздың әкесі ретінде үйгеріңізге жақын жерде білім алыңыздар дер едім. Бұл бір жағынан қаражат жағынан тиімді болса, атаналарыңыздың көңілі жай болуы үшін де бұл дұрыс

қойды. Олар өздерінің армандарын сахналық қойылыммен де көрсете кетті. Сахналық қойылымда екі оқушы көздесіп қалып, өздерінің қандай мамандық иесі болғысы келетіндіктерін, қандай қаланы, қандай жоғары оқу орнын таңдағысы келетіндіктерін, армандарын диалог арқылы жеткізе білді.

№27 орта мектеп лицейінің директоры Тулемисов Даур Панғазевичтің айтуынша, биыл мектепті 41 оқушы бітіреді екен. Олардың жетеуі қазіргі таңда біздің университетімізді таңдағысы келетінін, қалған оқушылар әлі таңдау үстінде екендігін айта кетті.

«Сіздің оқу орнымен біздің мектеп арасында тығыз кәсіби байланыс орнатылған. Студенттер әрқазір біздің мектептен тәжірибеден өтіп, өздерінің біліктіліктерін арттырып, теориялық білімдерін практикамен ұштастырып жатады», - дейді Даур Тулемисов.

Жадыра АРЕН

ЖАС АҚЫННЫҢ КЕШІ



«Өнерге әркімнің-ақ бар таласы» - деп Абай атамыз айтқандай университетіміздің физика-математика факультеті информатика мамандығының 3 курс студенті Елжас Әбді 17 ақпан 2017 жылы «Жарық іздеп келемін» атты жыр кешін өткізді. Бұл Елжастың алғашқы шығармашылық кеші.

Шығармашылық шарада Елжастың жүрегінен шыққан қара елгендері жиналғандар назарына ұсынылды. Кеште ата-ана құрметіне, махаббат тақырыбындағы және қазіргі қоғамдағы өткір мәселелерге арналған елгендер оқылып, жыр-сүйер қауымды бір серттеп, өрі ойланды-

рып тастады. Шараға физика-математика факультетінің студенттерімен қоса, басқа факультеттің студенттері де тыңдарман ретінде қатысып, поэзияға деген қызығушылықтарын білдірді.

Кеште елген сүйетін студенттер Нұрлан

Мөлдір, Жансая Маңғыбаевалар Елжастың өлеңдерін оқып, ал Айкөркем Нұрлыбек пен техникалық факультеттің 3 курс студенті Айбат Самат әннен шашу шашты.

Әсерлі кештен шабыт алған оқытушылар мен студенттер жас ақынның жырларына сүйсініп, Елжасқа шығармашылық табыстар тіледі.

Айнұр КАНДИЕВА,
студенттермен және жастар ұйымдарымен
жұмыс бөлімінің маманы

ШОКОЛАДТЫ НЕЛІКТЕН КҮНДЕЛІКТІ ТҰТЫНУ КЕРЕК?

Дәрігерлердің зерттеуі бойынша, ауа райының қолайсыздығына байланысты ағзаңызға күн сәулесі жеткіліксіз болса, күнделікті шоколадты тұтыну керек. Бұл туралы Reactor.inform.kz жазады.



Ғалымдар дәлелі

Какао-бұршақтарының құрамындағы жеңіл қорытылатын көмірсулар, майлар, езектер мен В тобының дәрумендері, антиоксиданттар және тағы басқа ағзаға қажетті заттардың бәрі шоколад құрамында жиі кездеседі.

Сондай-ақ, дәрігерлердің пайымдауынша, шоколад қандағы холестерин деңгейін тұрақтандырып, адамның есте сақтау қабілетін жақсартады.

Неліктен күнделікті пайдалану керек?

Мамандар қыстың соңғы мерзімінде шоколадты күнделікті тұтынуға кеңес береді. Ол шаршағандықты басып, ашушандық пен агрессияны төмендетіп, адамның психологиялық тепе-теңдігін сақтауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, жүрек соғу жұмысына да оң әсерін тигізетінін дәлелдеген. «Шоколад құрамындағы кокохил атты ерекше қоспаның арқасында адам терісінің жасушалары жасарып, қан айналымы жақсара түседі», - деп жазады ғалымдар.

Дереккөз: Reactor.inform.kz.

МОЖНО ЛИ ЗАРАЗИТЬСЯ КАРИЕСОМ?



Заразиться можно не самим кариесом, а бактериями, которые его вызывают. Как известно, возбудителями кариеса являются бактерии стрептококка, скапливающиеся в виде мягкого налета на поверхности эмали зубов человека и вызывающие разрушение твердых тканей.

По статистике, до 98% людей имеют запломбированные зубы. Конечно же, конфеты и сахар «берут на себя» большую часть вины за возникновение кариеса, ведь сахар – основной корм для бактерий, одним из побочных продуктов жизнедеятельности которых является кислота, разрушающая эмаль. Однако далеко не все знают, что стрептококки – это, по сути, такая же инфекция, как и всем хорошо знакомые вирусы гриппа, ОРЗ и ОРВИ, передающаяся при контакте через невымытую посуду, использование общих предметов личной гигиены, поцелуи и т.д.

В группе риска находятся младенцы и маленькие дети, ведь от рождения у них нет этих бактерий. В большинстве случаев, передача происходит от человека, осуществляющего уход – как правило, это мать. К примеру, когда она пробует на вкус еду своего малыша, чтобы убедиться, что она не горячая, а следующую ложку, уже инфицированную, даёт ребёнку. Или, уронив пустышку, облизывает её, а затем спокойно отправляет в рот малышу. Однако не только маленькие дети подвержены высокому риску заразиться кариесом. Даже совершенно здоровый взрослый человек с хорошим иммунитетом, не имевший с зубами никаких проблем на протяжении всей своей жизни, может получить инфекцию, просто поцеловавшись с партнёром, редко посещающим стоматолога. Так, после нескольких подобных поцелуев, у человека с образцовыми зубами при очередном осмотре могут внезапно обнаружиться кариозные проявления в начальной стадии.

Есть еще один интересный аспект, который подразумевается, когда задается вопрос о том, возможен ли переход заболевания с одного зуба на другой, расположенный в непосредственной близости от кариозного дефекта? С одной стороны, это очень распространенное наблюдение. Все зубы связаны между собой внутренними каналами, по которым распространяется инфекция. Все это и объясняет возникновение заболевания. Однозначно можно сказать, что 75% случаев, если начал портиться от кариеса один зуб, через некоторое время поражаются и соседние. Лучше вылечить сразу один, чем потом мучиться с несколькими!

Потому так важно вовремя делать профилактику и два раза в день чистить зубы в течение двух минут, особенно на ночь. После еды пользуйтесь ополаскивателями для рта, в течение всего дня пейте больше воды, используйте зубную нить, в течение пяти минут можно пожевать жвачку, в которой содержится ксилит. И привыкните к тому, что у ребенка должна быть своя тарелка и ложка, если, конечно, вы не хотите заразить своего ребенка кариесом.

Чтобы избежать заражения зубов кариесом, необходимо также следить за состоянием полости рта членов семьи, в первую очередь, маленьких детей, и, при обнаружении малейших проблем, обязательно обращаться к стоматологу. Соблюдение простых правил по уходу за зубами и полостью рта не только делает ваше дыхание свежим и приятным, но и позволяет получить удовольствие от поцелуя с любимым человеком, без опасения заразиться самому или «наградить» кариесом вашего партнёра. Иначе потом придется вложить деньги в немалом количестве для лечения возникших дефектов в зубах у стоматолога.

Берегите свои зубы, ухаживайте за ними и живите полноценной жизнью!

Любовь ЛЕДИНЁВА,
кариесты врач-стоматолог поликлиники
АРГУ им.К.Жубанова

ИНСТИТУТ АРУЫ-2017



Экономика және құқық институтында жыл сайын ұйымдастырылатын «Институт аруы - 2017» сайысы өткізілді. Ару қыздардың өнерлерін студенттермен және жастар ұйымдарымен жұмыс бөлімінің бастығы Айгүл Қожбаң, техникалық факультеттің студенттермен және жастар ұйымдарымен жұмыс бөлімінің маманы Данагүл Базарбаева, «Институт аруы – 2016» атанған Шынар Мұхитова және де «Podium Aktobe» сән мектебінің директоры Әсел Зелетдиновалар бағалады.

Сайыс қорытындысы бойынша «Керермен кезайымы» номинациясын Нұрғұл Жұмабаева, «Сүйкімді ару» номинациясын Назерке Сайнғалиева иеленсе, «Вице Мисс» «Miss Podium» атағына Әсел Сұғралина лайықты деп табылды. Ал Аяжан Сәрсенбаева «Институт аруы – 2017» атағын жеңіп алып, «Miss Arsu» сайысына жолдама алды.

Ғалия ЖАҚОВА,
студенттік директор

ШАҒЫН ФУТБОЛДАН ТУРНИР ӨТТІ



Экономика және құқық институтының белсенді студенті Алихан Көңжеғалиев 7-11 ақпан аралығында салауатты өмір салтын ұстану мақсатында институттың 1-4 курс студенттері арасында «EI-CUP» шағын футбол турнирін өткізді. Қорытындысында 3-орын - «Элит», 2-орын - «Болашақ», 1-орынды «Ақтебе Эконом» командалары иеленді. Сонымен қатар «Үздік бомбардир» - Темирлан Даукенов (Ақтебе Эконом), «Үздік қақпашы» - Игорь Пак (Болашақ), «Үздік ойыншы» - Аян Даулетов (Ақтебе Эконом) атағын иеленді.

Әсемгүл АСАНОВА,
экономика мамандығының 3 курс студенті

САҒЫНДЫРҒАН СТУДЕНТТІК ШАҚТАР-АЙ...



Ақпан айының 17-сі күні филология факультетінде «Жастар айнасы» студенттік қабырға газетінің ұйымдастыруымен «Сағындырған студенттік шақтар-ай...» атты факультет түлектерімен кездесу кеші ұйымдастырылды. Кездесуге айтыскер ақын, республикалық айтыстардың жеңімпазы, бірнеше танымал өндердің авторы Оразбек Қиынбаев, Ақтебеден шыққан алғашқы айтыскер қыз, республикалық айтыстардың жеңімпазы, М.Оспанов атындағы БҚММУ «Практикалық қазақ тілі» пәнінің оқытушысы Жұлдыз Қожабекова және облыстық, республикалық ақындар мүшәйрасының жеңімпазы, облыстық «Рика-тв» телеарнасының журналисті Азамат Әбілқайыр сынды факультеттің танымал түлектері қатысты.

Кездесу еркін форматта өтті. Кездесу барысында кеш қонақтарының сезіне жазылған өндер орындалып, өлеңдері оқылды. Түлектер филология факультетін бітірген мамандардың – білім беру, ұйымдастырушылық-басқарушылық, ғылыми-зерттеушілік, баспа ісі, аударма, БАҚ және басқа да көптеген салаларда қызмет атқара алатындықтарын тілге тиек етті. Сонымен қатар, университет қабырғасында жүрген қызықты шақтары мен жетістікке жету жолындағы бастан өткерген түрлі оқиғаларын студенттерге әңгімелеп берді.

Кеш соңында қонақтар студенттермен естелік суретке тұсіп, түлектерге факультет тарапынан арнайы сыйлықтар табысталды.

Ақжүніс НҮРПЕЙІСОВА,
филология факультетінің 2 курс студенті

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ШАРА

Біздің қоғамда ерекше көңіл бөлуді қажет ететін жандар бар, олар - мүмкіндігі шектеулі жандар. Мұндай жандарға көрсетілетін қолдау мен көмектің олар үшін қашан да елеулі болары хақ.

Қ. Жұбанов атындағы Ақтебе өңірлік мемлекеттік университетінің көсіподақ ұйымы мен студенттер және жастар ұйымдарымен жұмыс бөлімінің мамандарының қолдауымен ақпан айының 17 - жұлдызында Алға қаласындағы балаларды оңалту орталығында «Ақ ниетпен» деген ұранмен қайырымдылық іс-шарасы ұйымдастырылды.



Ақтебе облыстық оңалту орталығы



Бұл шараға жауапты педагогика институты мен шетел тілдері факультетінің студенттермен және жастар ұйымдарымен жұмыс бөлімінің мамандары, сонымен қатар белсенді студенттер мен ерікті жастар белсене атсалысты. Өткен жылы да қалалық осындай мүмкіндігі шектеулі жандарға көп көмек көрсетілді. Олардың биылғы жылы да қамқорлық жағынан жасаған қайырымдылықтарын айтар болсақ, ете кеп.

Бұл жолы кішкентай бүлдіршіндерге мейірім шапағатын сыйлау, көңіл-күйлерін көтеру мақсатында балаларға әр түрлі ойындар ойнатылып, студенттер балаларға арналған концерттік бағдарламасын ұсынды. Шараның аяғында кішкентай бүлдіршіндерге арнайы алынған сыйлықтар тарту етілді. Мұндай көмектер алдағы уақытта да жалғасын таба бермек.

Раушангүл ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА,
дефектология мамандығының 1 курс студенті

ТӘРБИЕЛІК ЖИЫН

Университетіміздің халықаралық ынтымақтастық бөлімі және экономика және құқық институты мемлекеттік-құқық пәндер кафедрасының ұйымдастыруымен «Жастар арасындағы діни сенім бостандығы принципінің орындалуының құқықтық негіздері» атты дөңгелек үстел өтті. Шараға Ақтебе облысының Әділет департаментінің бөлім жетекшісі А.Ж.Жақсыбек, бөлімнің аға прокуроры А.А.Нұрманов, ҚР ҰҚК Ақтебе облысы Антитеррор орталығы бөлімінің қызметшісі Е.Н.Шаяхметов, халықаралық ынтымақтастық бөлімінің бастығы А.Қ.Алисабаева, Варнен еркін университетінің (Болгария) профессоры, PhD докторы Н.П.Буяклиев және де оқу ордамыздың профессор-оқытушылар құрамы мен студенттері қатысты.

Жиын барысында құқықтық мәдениет пен құқықтық сананы, ар-намыс пен діни сенім бостандығын қалыптастыру және арттыруға қатысты сұрақтар қарастырылып, жеке тұлғаның өзін-өзі танытуы мен қоғамдағы өз орнын табу сияқты мәселелер талқыланды.

arsu.kz

ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІНДЕ АПТАЛЫҚ ӨТУДЕ

Филология факультетінде студенттердің өзін-өзі басқаруының екі апталығы жүріп жатыр. іс-шараның мақсаты – жастардың белсенділігін қолдау, жауапкершілігін арттыру.

Оқу, ғылым, тәрбие, тәртіп, тазалық сынды мәселелерді қамтыған жоспар бойынша атқарылып жатқан өзін-өзі басқару жұмыстарына факультеттің студенттік деканаты басшылық жасап, барлық студенттер атсалысуда.

Өткен оқу семестрінде аталмыш шара бір аптаға созылған болатын. Студенттердің өзін-өзі басқару ұйымының атқарған істерінің нәтижесіне қарай болашақта бұл іс-шараның мерзімін ұзарта беру көзделіп отыр.

arsu.kz

Қызық екен

Әлемдегі сәлемдесу рәсімдері

"Әр елдің салты басқа, иттері қара қасқа",- дегендей, әлем елдерінде сәлемдесу рәсімдері әртүрлі.

Кейбір елдер әдеттегі қол алысумен қатар, үлкен сәлемдесу салтанатын өткізеді. Жаңа Зеландияға сапар шеккен жандар маори халқының "хонги" сәлемдесу рәсіміне күйе болады. Бұл сәлемдесудің сан ғасырлық тарихы бар. Бір-бірін керген жандар сәлемдескен кезде мұрындарын тигізіп амандасады. Мұрынмен үйкелесу арқылы олар "ха" рәсімін жүргізеді. "Ха" рәсімі – Тәңірге құлшылық ету.

Жаңа Зеландияға келген кез келген жан ұлысына және жынысына қарамастан, сәлемдескен кезде мұрынмен үйкелесу керек. Бұл заңға тіпті Уильям ханзаданың өзі бағынған.

Тибет. Көптеген елдерде тіл шығару әдепсіздік болып танылса, кейбір жерде тілін шығарған жан жазаға тартылады. Тіл шығару тибет халқына жат емес, себебі олар бір-бірін кергенде, тілдерін шығарады. Бұл рәсім 9-ғасырда бастау алған Сол замандағы Тибет елінің кесемі Ландарманың тілі қара болған деседі. Тибет халқы өзгелерге өздерінің жауыз емес екендерін көрсету мақсатында бір-бірін керген кезде тілдерін шығара бастайды. Бұл дәстүр ез жалғасын әлі күнге дейін табуда.

Монғолия. Бейтаныс жанды үйіне қонаққа шақырған кезде монғолдар оған "хада" деп аталатын жібек не мақта-маталы жолақ береді. Әдетте оның түсі ақ. Кейде кек я жасыл түсті болады. Хада ұсынылған кезде келген қонақ оны екі қолмен алып, басты іздеуі тиіс. Хада ұсыну мен алу рәсімі – үлкен құрметтің белгісі.

Жапон халқы сәлемдесу рәсіміне аса мән береді. Бір-бірін керген кезде олар иіледі. Жастар өзара бастарын изеп амандасады. Ал татамиде тізерлеп отырып, жерге қарай иілу керек.



Кенияға сапар шеккен жандар масаи тайпасын кездестіреді. Масаи тайпасының халқы бір-бірін кергенде, билей бастайды. Би арқылы олар бір-бірімен амандасады. Сәлемдесу биі "адамү" деп аталады, яғни "сөкіру биі". Билеген кезде шеңбер жасап, ырғалып, секіре бастайды.

Гренландия сияқты арктикалық аймақтардағы эскимостар не инуиттердің "куник" деп аталатын сәлемдесу рәсімдері бар. Бұл дәстүр отбасы мүшелері мен ғашық жандар арасында көңілден таралған Жүздескен жандардың бірі мұрнының ұшы мен жоғарғы ернін екінші жанның қолына я бетіне тигізіп, терең дем алады.

Қытай халқының дәстүрлі сәлемдесуі "коутоу" деп аталады. Сәлемдескен кезде қолдарды бүгіп, иілу қажет. Әйел азаматтардың сәлемдесу рәсімі "ваньфу" деп аталады. Олар қолдарын біріктіріп, оны денесінің бойымен темен қарай сырғытады. "Коутоу" дәстүрі аңызға айналған Хуан-ди патшаның билік еткен тұсында бастау алған еді. Сол заманда бұл дәстүр патшалармен амандасқан кезде және неке қию, үйлену сияқты салттарда қолданылған.



Тай елінің амандасу рәсімі "вай" деп аталады. Бір-бірлерін керген жандар алақандарын біріктіріп, бастарына қояды. Содан кейін иіліп, "савадди" деп айтады. Ежелден келе жатқан "вай" сәлемдесу дәстүрі әлі күнге дейін құллі Таиланд елі бойынша ез мәртебесін жоғалтпаған.

Филиппин елінде сәлемдесу рәсімі жас ерекшеліктеріне байланысты әр қилы. Мысалы, жас жігіт үлкен кісіні керген кезде ол басын изеп, оң қолымен үлкен кісінің оң қолын ұстайды. Кейін саусағының ұшын оның маңдайына типізеді де, "mano po" деп айтады. "Мано" - қол "по" - құрмет деген мағына береді.

Сандуғаш БАЙҒҰЛҚЫЗЫ
www.nur.kz сайты негізінде әзірленді



Маусымашар-2017

2017 жылдың 27 қаңтар мен 4 ақпан аралығында Астана қаласында Қазақстан ҚВН Одағының ұйымдастыруымен дәстүрлі Республикалық «Маусымашар-2017» фестивалі өтті. Аталмыш шараға Қазақстанның түкпір-түкпірінен 160 команда қатысты. Университет намысын жіптерден құралған «Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің құрамасы» мен қыздардан құралған «Глюкоза» ҚВН командалары қорғады. Біздің командалар сәтті ойын ернегін көрсетіп, «Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің құрамасы» республикалық бірінші лигаға жолдама алса, «Глюкоза» ҚВН командасы республикалық орталық лига ойындарында бақтарын сынайды.

Руслан АРТЫҚБАЕВ,
студенттермен және жастар ұйымдарымен
жұмыс бөлімінің маманы



Конкурс!

Федеральное государственное автономное образовательное учреждение высшего образования «Национальный исследовательский технологический университет «МИСиС» (далее – НИТУ «МИСиС») является ведущим вузом Российской Федерации в области металлургии, машиностроения, нанотехнологий, горного дела, ресурсосбережения.

В 2016/17 учебном году НИТУ «МИСиС» проводит творческий конкурс научно-исследовательских и проектных работ.

Выпускники бакалавриата и специалитета любого вуза, желающие продолжить обучение в НИТУ «МИСиС», могут принять участие в Конкурсе, представив жюри свои научно-исследовательские проекты: семестровые работы, статьи, объекты авторского права, курсовые работы и т.д. Авторы лучших работ будут зачислены в профильную магистратуру НИТУ «МИСиС» без экзаменов.

Также обращаем ваше внимание, что все победители Конкурса автоматически становятся претендентами на специальную стипендию «Best MIS&S».

Прием работ открыт на официальном сайте Конкурса <http://tkonkurs.misis.ru/ru/glavnaya/> до 01 апреля 2017 года включительно. Подведение итогов состоится в апреле.



Қазақстан Республикасының
Мәдениет және Ақпарат
Министрлігі Ақпарат және
Мұрағат комитеті
Мерзімді баспасөз басылымдары
және ақпарат агенттіктерін
есепке алу туралы 2014 жылғы
12 ақпанда тіркеліп
№14445-Г шешімі берілген:

Бас редактор Арен Ж.С.
Тілші Дүйсенбаева С.Б.
Маман Жалғасбаева М.Ж.
Корректор Адилова С.Ж.

Меншік иесі:
Қ.Жубанов атындағы Ақтөбе өңірлік
мемлекеттік университеті

Газет ЖШС «Хабар Сервис»
баспаханасында
(Ақтөбе қаласы, Смағұлов
көшесі, 9 «К» басылады.

Тел: 8(7132)545-545, 400-400.

Телефоны №25 Тарапынан 2000

Біздің мекен-жайымыз:
030000, Ақтөбе қаласы,
Ө. Молдағұлова көшесі 34 үй.
Студенттер сарайы, 1 қабат
Келімі 2 баспа табақ.
Газет айына 2 рет шығады.
Газет редакциясына келіп түскен
қолжазбалар мен фотосуреттер
қайтарылмайды.